



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 23-11/1243 от: 17.05.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 21 сәуірдегі № Д/З-113

Құрметті депутаттар!

2017 жылғы 19 сәуірдегі Парламент Мәжілісінің отырысында айтылған су тасқыны жағдайына және олардың алдын алу жөніндегі қажетті шараларды қабылдауға қатысты депутаттық сауалға мынаны хабарлаймын.

Осы жылы көктемгі су толудан туындаған жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай республиканың он жеті ауданы мен екі қаласында жарияланды.

Су тасу кезеңі басталғаннан бері 87 елді мекендегі 1502 тұрғын үйді, 862 саяжай үйін және 8 ғимаратты тасқын су мен еріген қар суы басты. 171 автомобиль және 4 темір жол учаскесінде жолдың үстінен су ағыны өтті.

Қалыптасқан жағдайды жою үшін Үкімет шұғыл шаралар кешенін іске асыруда.

Қауіпті учаскелерде қосымша 78,8 шақырымдай уақытша бөген тұрғызылды, 540 мың данадан астам инертті материалдар салынған қап жиналды және төселді, 2,3 млн. м³ су сорып алынды.

10509 адам алдын ала эвакуацияланды және 90 адам құтқарылды, оның ішінде 126 адам эвакуациялық пунктерге, 2396 адам туыстарына орналастырылды, 8077 адам үйлеріне қайта оралды, ықтимал су басу аймағынан қауіпсіз жерлерге 21,5 мыңнан астам бас мал қауіпсіз жерге айдалды, жеке шаруашылыққа 19,3 мыңнан астам бас мал қайтарылды.

Қазіргі кезде менің тапсырмам бойынша Ішкі істер министрлігі Ауыл шаруашылығы, Инвестициялар және даму, Энергетика, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктерімен, сондай-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп елді мекендер мен инфрақұрылым объектілеріндегі су басу қатерін жою жөніндегі жүйелі шараларды (өзендер түбін тереңдету және арналарын түзету, бөгендердегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары, гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау және оларды күрделі жөндеу, су шаруашылығы объектілерін тексеру, бөгендерді жөндеуге ЖСҚ әзірлеу, автожолдарда су өткізу құбырларын орнату және олардың санын арттыру, автожолдар учаскелеріндегі жөндеу жұмыстары және көпірлерді реконструкциялау) көздейтін орта мерзімді кезеңге арналған Жол картасының жобасын әзірледі.

Жол картасын қабылдау тасқын су басу қатері төнген жаңа аймақтарды есепке алу және Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия ұсынымдарын ескере отырып, оларды жою бойынша тиісті шараларды көздеу үшін ағымдағы жылғы су тасқынының өтуіне қарай жоспарлануда.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы 57,2 млрд. теңгеге 1,9 млрд. м³ көлеміндегі суды жалпы қосымша шоғырландыратын 22 жаңа су қоймасына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және оларды салу, сондай-ақ гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау және оларға жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, су шаруашылығы жүйелеріне күрделі жөндеу жүргізу бойынша іс-шаралар көзделді.

Қазіргі су тасқыны жағдайы Үкіметтің ерекше бақылауында тұр.

Б. Сағынтаев

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

На № Д/З-113 от 21.04.2017 года

Уважаемые депутаты!

На Ваш депутатский запрос, оглашенный 19 апреля 2017 года на заседании Мажилиса Парламента, относительно паводковой ситуации и принятия необходимых мер по ее предотвращению, сообщая следующее.

В текущем году чрезвычайные ситуации местного масштаба, вызванные весенним половодьем, объявлены в семнадцати районах и двух городах республики.

С начала паводкового периода паводковыми и тальми водами было подтоплено 1502 жилых дома, 862 дачных дома и 8 зданий в 87 населенных пунктах. Переливами воды через дорожное полотно подверглись 171 автомобильных и 4 железнодорожных участков дорог.

Для предотвращения сложившейся ситуации Правительством реализуется комплекс неотложных мер.

На опасных участках дополнительно возведено порядка 78,8 км. временных дамб, набрано и уложено свыше 540 тыс. штук мешков с инертным материалом, откачено 2,3 млн. м³ воды.

Заблаговременно эвакуировано 10509 и спасено – 90 человек, из которых 126 – размещены в эвакуопунктах, 2396 – у родственников, 8077 граждан вернулись домой, из возможных зон подтопления отогнано в безопасные места свыше 21,5 тыс. голов сельскохозяйственных животных, возвращены в подворье более 19,3 тыс. голов.


В настоящее время по моему поручению Министерством внутренних дел совместно с министерствами сельского хозяйства, по

инвестициям и развитию, энергетике, финансов, национальной экономики, а также акиматами областей, городов Астаны и Алматы разработан проект Дорожной карты на среднесрочный период, предусматривающей системные меры по устранению угроз подтоплений населенных пунктов и объектов инфраструктуры (углубление и выпрямление русел рек, ремонтно-восстановительные работы на дамбах, реконструкция и капитальный ремонт гидротехнических сооружений, обследование водохозяйственных объектов, разработка ПСД на ремонт дамб, устройство и увеличение количества водопропускных труб на автодорогах, ремонтные работы на участках автодорог и реконструкция мостов).

Принятие Дорожной карты планируется по мере прохождения паводков текущего года, с тем чтобы учесть новые зоны риска паводковых подтоплений и предусмотреть соответствующие меры по их устранению, с учетом рекомендаций Межведомственной государственной комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций.

Вместе с тем, в рамках Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017 – 2021 годы, предусмотрены мероприятия по разработке проектно-сметной документации и строительству 22 новых водохранилищ с общей дополнительной аккумуляцией воды в объеме 1,9 млрд.м³ на общую сумму 57,2млрд.тенге, а также реконструкции и проведению ремонтно-восстановительных работ на гидротехнических сооружениях, капитальному ремонту водохозяйственных систем.

Вопросы текущей паводковой ситуации находятся на особом контроле Правительства.

 **Б. Сагинтаев**